

**Қарағанды қаласы білім басқармасының Балқаш қаласы білім
бөлімінің «№12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**Педагогикалық кеңес
Хаттама №3**

Өткізілген күні: 06.01.2026

Кеңес төрайымы: Г.Манатаева

Хатшы: Д.Кәкітай

Қатысқаны: 58 адам (тізімі қосымшада)

Күн тәртібінде:

- | | |
|--|---------------------------|
| 1. II тоқсан білім сапасының талдауы | <i>М.М.Сахариева</i> |
| 2. Қорытынды аттестация /9,11 сыныптар/ | <i>М.М.Сахариева</i> |
| 3. I ж.ж. бойынша атқарылған тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау | <i>Д.Ж.Мусаханова</i> |
| 4.ЕББҚЕ оқушылармен жүргізілген жұмыстың талдауы. | <i>Г.Е.Балмагамбетова</i> |
| 5. /Іс-тәжірибемен бөлісу/ Көркем шығарманы оқытуда оқушының шығармашылығын дамыту (8-сынып) | <i>С.Есмахан</i> |

ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы бойынша мектеп директоры Г.Манатаева сөз сөйледі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе II тоқсан бойынша білім сапасына директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Сахариева жан-жақты талдау жасады. Біздің мақсатымыз- білім алушыларға Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты меңгерту, оқу бағдарламасының материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру.Әрбір ұстаздың міндеті-жан-жақты сапалы білім бере отырып, өмір сүруге бейімді, функционалды сауатты, өзіндік ой талғамы бар, бәсекеге қабілетті, адамгершілік қасиеті жоғары тұлғаны тәрбиелеу.

Ал, білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімдер қызметінің сапасына байланысты. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тірегі-ұстаз.

Жалпы II тоқсанды барлығы 841 оқушы аяқтады. 1-4 сынып-371/184 оқушы, 5-9 сынып-373/205 оқушы, 10-11 сынып -97/59 оқушы
Сынып комплект саны -35.

I және II тоқсан қорытындыларының салыстырмалы талдауы білім сапасының жалпы оң динамикасын көрсетеді.

1-4 сыныптар бойынша

I тоқсанда білім сапасы **55,6%** болса, II тоқсанда **57,14%**-ға жетіп, **+1,54%** өсім байқалды. Бұл бастауыш сыныптарда оқу мотивациясының жоғарылағанын және мұғалімдердің жүйелі жұмысының тиімділігін көрсетеді.

5-9 сыныптар бойынша

I тоқсандағы **46%** көрсеткіш II тоқсанда **47,72%**-ға дейін өсіп, **+1,72%** оң

динамика қалыптасты. Бұл негізгі буында білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралардың нәтижелі болғанын аңғартады.

10–11 сыныптар бойынша

I тоқсанда білім сапасы **61%** болса, II тоқсанда **58,76%**-ға төмендеп, – **2,24%** кері динамика байқалды. Бұл көрсеткіш емтиханға дайындықтың күрделенуімен және оқу жүктемесінің артуымен байланысты болуы мүмкін.

Жалпы мектеп бойынша

Білім сапасы I тоқсанда **51,6%**, II тоқсанда **52,54%** болып, **+0,94%** өсім көрсетті. Бұл мектептегі оқу процесінің тұрақты дамып келе жатқанын дәлелдейді.

Сыныптар	I тоқсан	II тоқсан	Динамика
1-4 сынып	55,6%	57,14%	+1,54
5-9 сынып	46%	47,72%	+1,72
10-11 сынып	61%	58,76%	-2,24
Жалпы	51,6%	52,54%	+0,94

II тоқсанда үздіктер мен екпінді оқушылар санының өсуі байқалады.

	1-4 сынып		5-9 сынып		10-11 сынып		барлығы	
	I тоқсан	II тоқсан	I тоқсан	II тоқсан	I тоқсан	II тоқсан	I тоқсан	II тоқсан
Үздіктер	27	29	28	27	7	10	62	66
Екпінділер	117	119	139	151	51	47	307	317
Орташа оқитындар	115	111	196	195	37	40	348	346

Жалпы мектеп бойынша оң динамика қалыптасқан.

М.Сахариева білім сапасына салыстырмалы талдау жасай отырып, сапа төмен көрсеткен сыныптарға да тоқталып өтті.

2-4 СЫНЫПТАР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТАЛДАУ

(2025–2026 оқу жылы, I–II тоқсан)

Сынып	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026	Білім сапасы II тоқсан 2025-2026	Динамика
2А	67%	67%	
2Ә	48%	61%	+13
2Б	65%	63%	-2
3А	62%	62%	
3Ә	44%	48%	+4
3Б	58%	60%	+2
3В	60%	58%	-2

4А	50%	47%	-3
4Ә	57%	55%	-2
4Б	52%	55%	+3
жалпы	55,6	57,14	+1,54

- **Ең үлкен өсім 2Ә сыныбында** байқалды: +13%. Бұл сыныпта оқушылардың пәнге қызығушылығының артуы және әдістемелік жұмыстың тиімді жүргізілуі байқалады.
- **Орташа өсім 3Ә (+4%), 3Б (+2%), 4Б (+3%) сыныптарында** көрініс тапты. Бұл сыныптарда оқушылардың білім алу мотивациясын сақтау мақсатында қосымша қолдау жұмыстарын жалғастыру қажет.
- **Төмендеу көрсеткен сыныптар:** 2Б (-2%), 3В (-2%), 4А (-3%), 4Ә (-2%). Бұл сыныптарда кейбір оқушылардың үлгерімі тұрақсыз немесе сабаққа қатысу деңгейі төмендеу мүмкін. Сондықтан мұғалімдер тарапынан жеке үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу маңызды.
- **Тұрақты көрсеткіштер:** 2А және 3А сыныптарында білім сапасы өзгеріссіз, яғни 67% және 62% деңгейінде қалды. Мұнда оқушылардың деңгейі тұрақты, бірақ өсуге бағытталған қосымша іс-шаралар енгізу тиімді болады.

5–9 СЫНЫПТАР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТАЛДАУ

Сынып	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026	Білім сапасы II тоқсан 2025-2026	Динамика
5А	66,6%	58%	-8
5Ә	46%	50%	+4
5Б	28%	33%	+5
5В	39%	37%	-2
6А	44%	44%	Тұрақты
6Ә	57%	67%	+10
6Б	39%	45%	+6
6В	43%	48%	+5
7А	33%	41%	+8
7Ә	71,4%	71,4%	Тұрақты
7Б	46%	46%	Тұрақты
8А	36%	38%	+2
8Ә	48%	40%	-8
8Б	24%	29%	+5
9А	60%	65%	+5
9Ә	38%	46%	+8
Жалпы	46	47,72	+1,72

2025–2026 оқу жылының I және II тоқсан қорытындылары бойынша 5–9 сыныптарда білім сапасының деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Жалпы көрсеткіш

Жалпы білім сапасы I тоқсанда **46%**, II тоқсанда **47,72%** болып, **+1,72%** оң динамика байқалды. Бұл негізгі буын бойынша оқу сапасының біртіндеп жақсарып келе жатқанын көрсетеді.

Сыныптар бойынша талдау

1. Айқын оң динамика байқалған сыныптар

- **6Ә:** 57%-дан 67%-ға (+10%)
- **7А:** 33%-дан 41%-ға (+8%)
- **9Ә:** 38%-дан 46%-ға (+8%)
- **6Б:** +6%
- **5Б, 6В, 8Б, 9А:** +5%

Аталған сыныптарда түзету жұмыстарының, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің жүйелі жұмысының нәтижелілігі байқалады.

2. Тұрақты көрсеткіш сақталған сыныптар

- **6А:** 44% → 44%
- **7Ә:** 71,4% → 71,4%
- **7Б:** 46% → 46%

Бұл сыныптарда білім сапасы тұрақты деңгейде сақталғанымен, өсу резерві бар.

3. Кері динамика байқалған сыныптар

- **5А:** 66,6%-дан 58%-ға (–8%)
- **8Ә:** 48%-дан 40%-ға (–8%)
- **5В:** –2%

Бұл сыныптар тәуекел аймағына жатады және жекелеген пәндер мен оқушылар бойынша терең талдау жүргізуді қажет етеді.

**10-11 СЫНЫПТАР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН
ТАЛДАУ**

Сынып	Білім сапасы I тоқсан 2025-2026	Білім сапасы II тоқсан 2025-2026	Динамика
10А	52%	58%	+6
10Ә	52%	52%	тұрақты
11А	63%	70%	+7
11Ә	70%	57%	-13
Жалпы сапа	61%	52,54%	-2,24

I тоқсан және II тоқсан қорытындылары бойынша білім сапасына жүргізілген талдау нәтижесінде сыныптар арасында айқын айырмашылықтар байқалды.

- 10А сыныбында білім сапасының **+6% өсуі**, 11А сыныбында **+7% оң динамика** тіркелді. Бұл пән мұғалімдерінің тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы мен оқушылармен жүйелі жұмыстың нәтижесі екені анықталды. Аталған сыныптардың оң тәжірибесін тарату қажет.
- 10Ә сыныбында білім сапасы **өзгеріссіз** қалып отыр. Бұл сыныпта оқушылардың жеке білім алудағы олқылықтарын анықтап, сараланған тапсырмалар арқылы білім сапасын арттыру қажеттігі байқалады.
- 11Ә сыныбында білім сапасының **-13% төмендеуі** жалпы мектеп көрсеткішіне кері әсерін тигізді. Бұл сыныпта үлгерімі төмен

оқушылармен мақсатты, жүйелі түзету жұмыстарының жеткіліксіздігі анықталды.

Жалпы мектеп бойынша білім сапасының **-2,24% төмендеуі** білім сапасын арттыру бағытында шұғыл шаралар қабылдауды қажет ететіндігін айтып өтті.

Сонымен қатар әр сынып бойынша пәндік сапаға тоқталды. 2-4 сыныптарды саралай келе мынандай қорытынды жасауға болады.

- Қазақ тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша **оң динамика** қалыптасқан;
- Орыс тілі мен математика пәндерінде **кері динамика** анықталып, жедел түзету шараларын қажет етеді;
- Қазақ әдебиеті пәні бойынша көрсеткіштер **тұрақты**,

5-11 сыныптарда пәндер бойынша сапаға тоқталатын болсақ, нәтижесінде I және II тоқсан қорытындылары бойынша пәндер кесіндісінде білім сапасының динамикасына талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері пәндер бойынша **оң, тұрақты және кері динамиканы** айқындады.

1. Айқын оң динамика көрсеткен пәндер

- **Қазақ тілі:** 60%-дан 68,94%-ға өсіп, **+8,94%**
- **Химия:** 68%-дан 76,79%-ға өсіп, **+8,79%**
- **География:** 76%-дан 83,62%-ға өсіп, **+7,62%**
- **Қазақстан тарихы:** **+4,23%**
- **Жаратылыстану:** **+2,36%**
- **Қазақ әдебиеті:** **+2,57%**

II. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Сахариева сөз сөйледі. Қорытынды аттестация **9 және 11 сыныптарда** білім алушылардың бағдарламаларды толық меңгергенін анықтау үшін жазбаша және кей жағдайда ауызша/кәсіптік емтихандар түрінде өткізіледі. Оның **негізгі нормативтік құжаты – ҚР БҒМ-нің № 125 бұйрығы**, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар. Аттестаттаудың мақсаты – мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу пәндерін меңгеру деңгейін анықтау. Білім алушылардың қорытынды аттестаттау тапсыратын күндері мен пәндері туралы толық ақпарат беріп өтті.

- 9 -сынып оқушылары: 29 мамыр – 11 маусым аралығында 4 пәннен
- 11 -сынып оқушылары: 2 – 15 маусым аралығында 5 пәннен

9-сынып (негізгі орта білім)

- 9-сынып бітіретін оқушылар негізгі орта білім беру бағдарламасын меңгергенін растайтын **қорытынды емтихандарды** тапсырады.
- Әдетте 4 пәннен емтихан болады: ана тілі/оқыту тілі, математика, тіл (қазақ немесе орыс), және **таңдау пәні** (мысалы: биология, физика, химия, тарих және т.б.) жазбаша түрде өтеді.

11-сынып (жалпы орта білім)

- 11-сынып оқушылары мемлекеттік бақылаудағы бітіру емтихандарын (МБЕ) береді.
- Бұларға қазақ/орыс тілі бойынша емтихан, математика (алгебра және анализ

бастамалары), Қазақстан тарихы (ауыспалы немесе ауызша/жазбаша), сондай-ақ таңдау пәндері жатады.

III. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе I ж.ж. бойынша атқарылған тәрбие жұмыстарын қорытындылау және талдау сараптамасын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Д.Мусаханова мен Ж.Бөлеген жасады. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспарларының орындалуына тоқталып өтті. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Осыған сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен енгізілген "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы еліміздің болашағы – жас ұрпақты ұлтжанды, адал, еңбекқор, жауапты азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған.

Жалпы жоспарға сәйкес тәрбиелік іс-шаралар өз деңгейінде өткізіліп жатыр. Тақырыптық сынып сағаттары, саптық жиындар, Қазақстан Республикасының Оқу –ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқәатын арттыру ұлттық ғылыми- практикалық институты КЕАҚ «ДОСБОЛЛІКЕ» білім беру ұйымдарында білім алушылардың(буллингтің) алдын алу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар, «Даналық мектебі» клубының іс –шаралары өтті.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы әлеуметтік жобалар: «Қамқор» жобасы, «Ұшқыр ой алаңы», «Еңбегі адал – жас өрен», «Смарт бала», «Шабыт» іске асырылуда. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы әлеуметтік жобаларға жауапты тұлғалар тағайындалып бұйрық шығарылып таныстырылды.

IV. Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ бойынша мектеп психологі Г.Балмагамбетова ЕББҚЕ оқушылармен жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтті. Мектеп бойынша жалпы ерекше білімді қажет ететін 21 оқушы бар. Оқыту және тәрбиелеу, педагогикалық-психологиялық ұсынымдар бойынша арнайы психологиялық – педагогикалық қолдау дефектологпен 9 бала, логопедпен 19 бала, психологпен 2 бала жұмыс жасап жатыр.

Қыркүйек айында психологиялық - педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды. Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің құрамы төмендегідей бекіді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен мамандармен бекітілген кестемен жоспар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқушылардың диагнозына байланысты оқу жоспарлары анықталып, сабақ кестесі құрылып, оқу жылының басында бекітілді.

Биыл психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысы бойынша мектепте 10 сынып ашылды.(0А, 0Ә, 0Б, 2А, 2Б, 3Ә, 3Б, 4Ә, 5Ә, 4Б)

Категория	Барлығы	Сыныбы									
		0А	0Ә	0Б	2А	2Б	3Ә	3Б	4Ә	5Ә	4Б
ЕББҚ оқушылар	21	2	2	4	2	1	2	3	1	1	2
мүгедек	3					1				2	

V. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Есмахан «Көркем шығарманы оқытуда оқушының шығармашылығын дамыту» тақырыбында өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Көлемді шығармаларды оқыту барысында оқушылардың ойлау, қиялдарын дамыту мақсатында өзі қолданған тиімді әдіс-тәсілдерді ортаға салды. Сондай-ақ, баяндамасында көркем шығарманы талдау барысында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталды. Атап айтқанда, мәтінмен жұмыс жүргізудің заманауи жолдары, шығармашылық тапсырмалар, пікірталас, эссе, рөлдік ойындар мен жобалық жұмыстарды қолдану тәжірибесін ұсынды. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауын, тілдік құзыреттілігін және көркем мәтінді қабылдау деңгейін арттыру жолдары көрсетілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. II тоқсан білім сапасының талдауы бойынша:

Білім сапасы төмен пәндер мен сыныптар бойынша пән мұғалімдеріне түзету жұмыстарының жоспарын әзірлеу.

Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру.

2. Қорытынды аттестация (9,11-сыныптар) бойынша:

Қорытынды аттестацияға дайындық жоспары бекітілсін.

Аттестация талаптары оқушылар мен ата-аналарға түсіндірілсін.

3. I жартыжылдық тәрбие жұмыстары бойынша:

Белсенді сынып жетекшілерінің оң тәжірибесі таратылсын.

Тәрбиелік іс-шаралардың сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

4. ЕББҚЕ оқушылармен жүргізілген жұмыс бойынша:

Пән мұғалімдері, мамандар және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін. Оқу жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізілсін.

5. Ұсынылған іс-тәжірибені қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді пайдалану және шығармашылық тапсырмаларды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу ұсынылсын.








Хатшы:



Г.М.Манатаева

Д.Кәкітай

№	Аты - жөні	Пәні	Қолы
1	Манатаева Г.М.	география	
2	Сахариева М.М.	қазақ тілі	
3	Мусаханова Д.Ж.	қазақ тілі	
4	Бөлеген Ж.	қазақ тілі мен әдебиеті	
5	Имангалиева Ж.М.	қазақ тілі	
6	Есмахан С.	қазақ тілі	
7	Кенесова Г.Т.	қазақ тілі	
8	Каукербекова Р.	қазақ тілі	
9	Абишова М.Ш.	қазақ тілі	
10	Тіллабек А.Т.	математика	
11	Темирғалы Е.Е.	математика	
12	Мерейхан Г.	математика	
13	Омар Дина	математика	
14	Керімбек М.Ә	математика	
15	Шарипова Г.Б.	орыс тілі мен әдебиеті	
16	Сатмаганбетова С.	орыс тілі мен әдебиеті	
17	Қанат .Г.	орыс тілі мен әдебиеті	
18	Спатаева Ш.	тарих	
19	Курылыс М.	тарих	
20	Эрденебат Г.	ағылшын	
21	Айтбекова И.Д.	ағылшын	
22	Жунусова А	ағылшын	
23	Аймакова А.Р.	ағылшын	
24	Жуматова И.Ж.	ағылшын	
25	Дихан Х.Т.	физика	
26	Макажанов Қ.Т.	химия	
27	Көкіш С.Ж.	биология	
28	Әбілда А.Б.	биология	
29	Сайлау Ә.Ж.	информатика	
30	Амантай Е.	информатика	
31	Рахимбеков Ш.Р.	көркем еңбек	
32	Шаймерден А.	көркем еңбек	
33	Қабиден Е.	дене шынықтыру	
34	Мықтыбек А.Ж.	дене шынықтыру	
35	Одақбай Э.	дене шынықтыру	
36	Сауғанбаев Қ.Е.	дене шынықтыру	
37	Дүйсенбекова А.	бастауыш 1А	
38	Бекзатқызы А.	бастауыш 1Ә	
39	Саметова Б.	бастауыш 1Б	
40	Жакупова А.	бастауыш 1В	
41	Сағынтаева Д.	бастауыш 1Г	
42	Жолдасбаева А.	бастауыш 2 А	
43	Болтайханова Т.	бастауыш 2 Б	
44	Қыздарова А.Б.	бастауыш 2Ә	
45	Пшенбаева Ж.Қ.	бастауыш 3 Б	
46	Балмағанбетова Г	бастауыш 3 В	
47	Керейбаева А.А.	бастауыш 3А	
48	Ынтықбаева Қ.	бастауыш 3Ә	
49	Исабаева А.	бастауыш 4 А	

50	Балтабай М.	бастауыш 4 Ә	
51	Сағынтай А.	бастауыш 4 Б	
52	Абил Г.Т.	бастауыш	
53	Калибек О.	музыка	
54	Жабагтаева Ф	даярлық	
55	Қыстаубаева Э	даярлық	
56	Амирбаева А	даярлық	
57	Талгатова Г.	кұқық	
58	Канатбекова Г.А.	география	

